

Гүлмира САУЛЕМБЕК

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан
(gulmira.saulembek@gmail.com) <https://orcid.org/0000-0003-3667-267X>

МИСТИКА ЖАНРЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР ЖҮЙЕСІ*

Аңдатпа: Мистика жанрындағы кейіпкерлер жүйесі баяндаудың тереңдігі мен әсерін анықтайтын, жанрдың өзіне тән ерекшелігін айғақтайтын негізгі элемент болып табылады. Өйткені кейіпкерлер арқылы мистикалық баяндауға тән негізгі тақырыптар, мотивтер, символдар ашыла түседі. Зерттеу жұмысының мақсаты – кейіпкерлердің мистикалық әдебиеттегі рөлін, олардың қызметі мен жанрдағы қалыптасу эволюциясын талдауға бағытталған. Зерттеуде мистикалық жанрдағы кейіпкерлердің типологиясының даму кезеңдерін фольклормен және өзге әдеби жанрлармен әрекеттесу, мекеншақ, наным, дүниетаным және түрлі мәдениеттер аспектісінде қарастыру міндеттері жүзеге асырылады. Сонымен қатар, мистикалық әдебиеттегі архетиптік бейнелер жүйеленіп, олардың қазіргі мәтіндердегі өзгерістері талданады. Жанрлық ерекшеліктердің қалыптасуына ықпал ететін кейіпкерлер мен сюжеттік құрылымдардың өзара әрекеттесу ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеу классикалық әдебиеттану тәсілдері және салыстырмалы-типологиялық, мәдени-тарихи және семиотикалық талдау әдістері негізінде жүзеге асады. Зерттеу нәтижесінде «елес», «пері», «перизат» «албасты», «марту», «құбылған», «кансорғыш» сияқты мистикалық жанрдағы кейіпкерлердің негізгі түрлерінің тек сюжеттік аясындағы ғана емес, сонымен бірге мәдени-тарихи контекст аясындағы типологиялық ерекшеліктері қарастырылады. Бұл зерттеу кейіпкерлер жүйесін саралау арқылы мистика типологиясын терең түсінуге, жанр теориясының жан-жақты зерделенуіне ықпал етеді. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы әдебиеттегі, атап айтқанда мистикадағы жанрлық құрылымдардың қалыптасу механизмдерін терең түсінуде жатыр. Жұмыстың практикалық маңыздылығы оның тұжырымдарын

*Geliş Tarihi: 31 Ağustos 2024 – Kabul Tarihi: 13 Kasım 2024

Date of Arrival: 31 August 2024 – Date of Acceptance: 13 November 2024

Келген күні: 31 тамыз 2024 ж. – Қабылданған күні: 13 қараша 2024 ж.

Поступило в редакцию: 31 августа 2024 г. – Принято в номер: 13 ноября 2024 г.

DOI: 10.59358/ayt.1541306



Content of this journal is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial 4.0 International License

мистика жанрында жаңа әдеби шығармалар жасауда, сондай-ак әдебиеттану курсына оқытуда қолдануға болады.

Кілт сөздер: Мистика, Фольклор, Мистицизм, Мифологиялық кейіпкерлер, Мистикалық кейіпкерлер

Gulmira SAULEMBEK

M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan
(gulmira.saulembek@gmail.com) <https://orcid.org/0000-0003-3667-267X>

THE CHARACTER SYSTEM IN THE GENRE OF MYSTICISM

Abstract: The character system in the genre of mysticism is a key element that determines the depth and impact of the narrative, defining the characteristic specificity of the genre. Through the characters, the main themes, motives, and symbols typical of the mystical narrative are revealed. This research aims to analyze the roles and functions of characters in mystical literature and examine the evolution of their development within the genre.

The study explores the stages of development in the typology of characters in the mystical genre, considering their interaction with folklore and other literary genres, as well as aspects such as space and time, beliefs, worldviews, and various cultures. Additionally, it systematizes archetypal images in mystical literature and analyzes their transformation in modern texts. The features of character interaction and plot structures that contribute to the formation of genre characteristics are also examined.

The research employs approaches from classical literary studies and methods of comparative-typological, cultural-historical, and semiotic analysis. As a result, the typological features of the main character types in mystical genres – such as “ghost,” “peri,” “fairy,” “albasty,” “martu,” “werewolf,” and “vampire” – are analyzed not only within the plot context but also in the cultural and historical context.

This research contributes to a deeper understanding of the typology of mysticism through the differentiation of character systems and a comprehensive study of genre theory. Its scientific significance lies in offering a profound understanding of the mechanisms behind the formation of genre structures in literature, particularly in the mystical genre. The practical significance of this work is reflected in its potential application to the creation of new literary works in the genre of mysticism and in teaching courses in literary studies.

Keywords: Mysticism, Folklore, Mythological characters, Mystical characters

Кіріспе

Әлемдік әдебиеттің бір бөлшегі ретінде қазақ әдебиетінде де көптеген жанрларда сынақтар жасалуда. Сол жанрлардың арасында мистика жанры да өркен жайып келеді. Мистика жанры – адамның тылсым әлеммен қарым-қатынасына деген сеніміне негізделген және бастау көзін фольклор мен мистицизмнен алатын әдеби жанр.

Мистика жанрының қалыптасуы және дамуы адамзат тарихының әртүрлі кезеңдеріндегі түрлі мәдениеттермен, наным-сенімдермен тығыз байланысты болып келеді. Бұл жанрдың табиғаты адамзаттың метафизикалық әлемді түсіну талпыныстарымен ұштасады, сол себепті мистикалық кейіпкерлердің типологиясы да әртүрлі мәдениеттердің дүниетанымдық негіздерінен туындайды. Мистикалық кейіпкерлер тек қана әдеби бейнелер ғана емес, олар белгілі бір мәдениеттің діни және философиялық көзқарастарын көрсетеді, оларды зерттеу арқылы біз сол мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерін түсіне аламыз.

Қазіргі таңда жанрлар типологиясы мен оның қазақ әдебиетіне тән ерекшеліктері зерттеушілер тарапынан жиі қарастырылып жүр. Дегенмен мистиканың кейіпкерлер жүйесін тереңдеп салыстырмалы зерттеуге бағытталған еңбектер аз.

Сондықтан біз бұл жұмыста мистика жанрының типологиялық қалыптасу кезеңдеріндегі кейіпкерлер жүйесін және оның әртүрлі мәдениеттердегі ерекшеліктерін зерттеуді мақсат еттік. Зерттеудің мақсатына жету үшін мына міндеттерді орындау көзделеді:

- Мистикалық кейіпкерлердің түпкі бастауларын анықтау;
- Фольклорлық кейіпкерлер мен әдеби мистикалық кейіпкерлердің байланысын айқындау;
- Мистика мен мистицизмнің байланысын кейіпкерлер жүйесі арқылы қарастыру;
- Мекеншақтың кейіпкерлер жүйесіне әсерін салыстыра қарастыру;
- Әр халықтың діни сенімдері мен дүниетанымдық өзгерістеріне қарай кейіпкерлер жүйесіндегі көрінісін анықтау;

Бұл зерттеуде классикалық әдебиеттану тәсілдерімен қатар, салыстырмалы-типологиялық, мәдени-тарихи және семиотикалық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері түрлі мәдениеттер, наным сенімдер, географиялық орта, алшақ және ұқсас дүниетанымдар ықпалынан туған кейіпкерлер жүйесінің қалыптасу ерекшелігі, олардың атқаратын қызметтеріне қатысты ғылыми байламдар, сондай-ақ мистикалық әдебиеттің эволюциясы туралы пікірлер, жалпы осы жанрдың типологиялық ерекшеліктерін тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулары

Мистиканың жанр ретіндегі баяндау ерекшелігі мен оқырманға ықпалы кейіпкерлер жүйесімен тікелей байланысты. Мистикалық шығармалардың өзге жанрлардан ерекшелігі тылсым жаратылыстар мен ерекше қабілеті бар кейіпкерлерден тұрады. Олар:

- жаны жай таппаған елес;
- ер адамды арбаушы перизат;
- әйел адамды арбаушы ібіліс, пері;
- құбылғандар, құбылған-қасқырлар;
- зомбилер мен тірілген өліктер;
- қансорғыштар мен жансорғыштар (өзге тілдерде упыри, вампиры, вурдалаки деген атауларға ие);
- сиқырды теріс пайдаланатын тылсым қабілеттер, сиқырға ие кейіпкерлер (сиқыршылар, бақсылар, сәуегейлер, емшілер, мыстандар);
- пұттар, балбалдар, нимфалар, табиғаттағы рухтар (элементалдар) және басқа да зұлым жындар, үй иесі секілді тылсым жындар (өзге әдебиетте домовой полтергейст).

Мистикалық әдебиеттің жанр ретіндегі типологиялық ерекшеліктерін тереңірек түсіну үшін әртүрлі мәдениеттердің дүниетанымдық ерекшеліктерінің кейіпкерлер жүйесін жасауға әсерін білу аса маңызды. Себебі жанрлар типологиясы мен кейіпкерлер жүйесі уақыт пен кеңістікке қарай пайда болып, өзгеріп, түрленіп, байып отыратын жылжымалы құбылыс.

Кейіпкерлер жүйесін зерттеу барысында жанрлық ерекшеліктер ішіндегі мекеншақ ұғымы мен кейіпкерлер әрбір халықтың ділі мен дініне, наным-сенімдеріне, дүниетанымдық өзгерістеріне орай

ерекшеленетінін немесе бір ұғым әртүрлі мәнге ие болатынын байқадық. Мысалы, параллель әлемдердегі тіршілік иелері, Құдай, періштелер, Ібіліс, жындар, перілер, өлген адамдардың рухы немесе елесі әлемдік мистикалық шығармаларға ортақ кейіпкерлер болса, жекелеген әдебиеттің дамуына сәйкес олардың қолданылыс жиілігі мен сипаттары өзгеріске ұшырап отырады. Кейіпкерлер жүйесінің қалыптасуына халықтардың наным мен танымы, өмірлік тәжірибесі, басынан өткерген тарихи кезең т.с.с. әсер етеді. Әдеби шығармалардағы кейіпкерлерді қарастырғанда түркілік әдебиет пен фольклордағы мистикалық кейіпкерлер жеті қат көкке көтерілген пайғамбар, әп-сәтте намазын мыңдаған шақырымдық қашықтықтағы Меккеде оқып келетін әулие-әнбиелер, аузымен шоқ тістеген бақсылар, перілер мен періштелер, жын-шайтандар, әруақтардың елесі, жезтырнақ, кие иесі, тотемдік жануарлар болса, еуропалық кейіпкерлер көбіне елестер, вампирлер, құбылғандар, жаны жай таппаған әруақтар болды.

Тіпті тұрмыс-тіршілігіндегі географиялық белдеулер мен климат жағдайының да белгілі кейіпкер сипатының қалыптасуына ерекше ықпал етеді. «Ежелгі мифтік аңыздарға сүйенсек, географиялық, климаттық, діни-танымдық және тағы да басқа факторларға қарай олардың өмір сүретін орындары әртүрлі болуы мүмкін. Орманда, құлан түзде, су астында немесе Қап тауының ұшар басы сияқты адам көп бола бермейтін, оңайлықпен жете алмайтын жерлерде мекен етеді» (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі, 2014, б. 80).

Әдебиеттегі мистикалық кейіпкерлердің қалыптасуына кеңістік пен уақыттың (мекеншақтың) әсері олардың сипатын, қызметі мен символдық мағынасын анықтайтын негізгі фактор болып табылады. Мекеншақ шығарманың атмосферасын қалыптастырады, сюжетке әсер етеді және терең мәдени және тарихи қабаттарды ашуға көмектеседі. Мысалы, әдеби мистиканың кіші жанры ретінде готикалық романдар мекен мен уақыттың мистикалық кейіпкерлердің қалыптасуына қалай әсер ететінін айқын көрсете алады. Мекеншақтық тұрғыдан қарастыратын болсақ, сюжет орны – көптеген бөлмелері және қараңғы дәліздері, сықырлауық есіктері бар ортағасырлық қамал, мүк басқан сызды жертөлелері және қараусыз қалған мұнаралары бар оқшауланған орын. Ол қалың ормандармен, жартастармен қоршалып, көбінесе елді мекендерден алыс (Брэм Стокер «Дракула») биіктікте орналасады. Әрекет уақыты көбінесе қараңғылық құшағында, құпияға және жасырын қауіптерге толы белгісіз мезгіл ретінде ұсынылады. Оқиғалар

түнде, суықта немесе қатты найзағай, нөсер жауын, аязды қыс кезінде болады. Ортағасырлық қамалдың осы сипаты мен оқиға уақыты оқырманды ширықтыру мақсатында пайдаланылған. Автор мекеншақты алдағы қорқынышты, тылсым үрейлі оқиғалардың алғышарты ретінде таңдап алған. Бұл кеңістікке лайық кейіпкерлер елестер мен рухтар немесе вампирлер ғана. Автордың мекеншақ пен оған лайықты кейіпкерлерді таңдауының астарында еуропалық халықтардың наным-сенімдері, тарихи кезеңдегі әлеуметтік жағдайы мен дүниетанымдары жатыр. Мысалы, Гораций Уолполдың «Отранто сарайы» романындағы мекен мен уақыт үшін жазық далада өзен-көлдер жағасын мекен ететін албастыны кейіпкер ете алмаймыз. Себебі бұл түркі халықтары нанымы мен танымы тудырған кейіпкер және оның сол халық мекендеген ортаға сай орны бар. Мысалы, қорқыныш пен белгісіздік не тылсым атмосферасын тудыратын мекеншақ сол әдебиетті тудырған халық мекені мен тарихи танымына, бастан өткерген тәжірибелеріне өте жақын етіп алынады. Себебі мекеншақтың оқырманға таныстығы нанымдылық тұрғысынан елеулі қызмет атқарады. Дегенмен кейіпкерлердің қалыптасуына жоғарыда аталған ықпалдардың болуына қарамастан олардың басын ортақ жанрға біріктіріп тұратын ұқсастықтар олардың типологиясын құрайды. Жоғарыда атап өткен тұжырымдарымызды нақты мысалдармен дәлелдейік.

Ертегілер мен мифтерде жиі кездесетін жындардың еркек және әйел жынысты болып бөлінуі қазақ мистикасына да тән ерекшелік. Демонологиялық кейіпкерлер әрекеттеріне қарай, түрліше атауларға ие болған. Пері мен перизаттың қызметі адамды азғырудан тұрады. Бұл мифологияда кездесетін көне кейіпкерлердің де, мотивтің де заманауи мистикалық шығармаларда жалғасын тауып көшіп отырғаны белгілі болды. Қазақ фольклоры мен әдебиетінен таныс перизат көбіне сұлу қыз бейнесінде беріледі (Т.Әсемқұлов «Бекторының қазынасы», Қ.Мұбарак «Ай толған түндегі ақ қыз», «Пері көші» «Қол жаулық»). «Қара мерген» ертегісіндегі «Бір уақытта есік ашылып, бір қыз үйге кіріп келді, қараса, сұлулығы толған айдай, үстіндегі киімі қызыл алтынға қарық болған, сәулесі қараңғы үйді жарық қылады» (Бабалар сөзі (а), 2011, б. 13) деп берілетін перизат сипаты жоғарыда атап өткен прозалық шығармаларда жалғасын табады. «Бекторының қазынасы» повесінде «Жұқа көк жібек көйлек киген сұлу қыз...» (Әсемқұлов, 2016, б. 281), «Пері көші» әңгімесінде «...үндері сондай жағымды... әуезді, бірақ еш сөзі ұғылмайды... <...> ... бірі-бірінен өткен жүздерінен әппак

сәуле шашқан ай дидарлы арулар екен» (Мұбарак, 2012, б. 74) деп сипатталады.

Кей шығармаларда перизаттың сыртқы сипаты өзгеріске ұшырайды. Кейде оның балық құйрықты (Л.Қоныс «Су перісінің зираты», Қ.Мұбарак «Ескексіз қайық») не жылан құйрықты (Қ.Мұбарак «Тарғыл мысық»), ұша алатыны (Р.Отарбаев «Тұрсын, перінің қызы және мен», Қ.Мұбарак «Ай толған түндегі ақ қыз», «Ақ көйлекті қыз»), қауырсыны, қанаты болатыны (Қ.Мұбарак «Пері қыз») немесе ешкі тұяқты болатыны («Едіге батыр» жыры), кеуде тұсы жүндес (Қ.Мұбарак «Жат құшак»), иегі жоқ (Қ. Мұбарак «Сайтан қыз») екендігі айтылады. Еуропалық әдебиетте перизаттар суккубтар (*1-сурет. Қараңыз*) деп аталып, бұл образ ғасырлар бойы өзгерістерге ұшырап отырды.



1-сурет. Суккуб. (Иллюстратор, комикстер суретшісі Грег Стейплстің «Херстоунға арналған суккуб сұлулығы» туындысы. <https://www.artstation.com/artwork/WraZG>)

Суккубтар көне шумер-аккад мифологиясында, «Талмудта», көне Месопотамия, грек аңыздарында, ортағасырлық Еуропа мифтері мен аңыздарында, танымал авторлар – Данте Алигьеридің «Құдіретті комедия», Оноре де Бальзактың «Суккуб», Иоганн Гётеңің «Фауст», Томас Мидлтон «Жынданған әлем, Менің шеберлерім» шығармаларында көрініс тапты. XX ғасырдан басталған танымал әдебиеттің дамуындағы дүмпу бұл образдың түрліше құбылуына алып келді (Чарльз Уильямс «Тозаққа түсу», Ричард Бертон Мэтисон

«Джулиге ұқсас»). Суккуб сөзінің латын тілінен аударғандағы баламасы «ашына» дегенді білдіреді. Бұл жаратылыс ер адамды азғырып, күш-қуатынан айыратын қабілетке ие. Әйел текті жаратылыстың басты ерекшелігі – өте сұлу, жалаңаш тәнді, аңға тән мүйізі, тұяғы, құйрығы, құсқа тән қанаты болатыны. Түркілік фольклор мен әдебиетте перизаттың ер адамды өзіне ғашық етіп, ақыл-есінен айыруы немесе адамзатқа жар болуы сынды сюжеттер басым болса, көне Месопотамия аңыздарында суккубтардың жаңа туған сәбилерді өлтіріп, жас босанатын аналарға зиян шектіретіні айтылады. Суккуб осындай қызметі тұрғысынан түркілік фольклордағы албасты мен марту (2-сурет. Қараңыз) образдарына сәйкес келеді.



2-сурет. Албасты. <https://vk.com/@bnllib-tatarskaya-mifologiya-albasty>

Алайда қызметі тұрғысынан да албастыға ұқсас кейіпкер басқа атаумен ажыратылып берілмейді. Ер адамды азғырушы да, сәби мен жас босанушы анаға зиян тигізуші де суккуб деген атаумен аталған. Месопотамия аңыздарындағы құс қанатты, тырнақты суккуб, ежелгі антикалық мифологияда ешкі мүйізді, тұяқты, ұзын құйрықты, әрі қанатты жаратылысқа айналады. Қайта өрлеу дәуіріндегі суккуб образына қайта оралу оның бейнесіне тағы өзгеріс ендіردі. Суккубтар

белінен төмен қарай бауырымен жорғалаушылардың, не балықтың құйрығын еншіледі. Суккубтың бұл бейнесі түркілік албасты мен шығыс еуропалық русалка бейнесіне жақын. Қазіргі еуропалық әдебиетте антикалық суккуб бейнесі басым. Албасты да сырт бейнесі жағынан осы суккубше түрленіп отырған. Олар суккубтің осы сыртқы ерекшеліктерін түгел еншілеген, бірақ түркі халықтарындағы албастының ерекшелігі – оның ұзын сары шаштары, салбыраған ұзын емшегі болатыны. Осыған қоса албасты өте көне кезеңдердегі таным бойынша сұлу кейіпкер ретінде бейнеленгенімен, фольклорлық шығармалардағы ұсқынсыз бейнесі басым. Суккуб перизат пен албастының синтезінен тұратын кейіпкер.

Қазақ фольклоры мен әдебиетінде перизат тәнінің түрлі сипаты аталғанымен оларға ортақ әлі күнге өзгермеген ерекшелік – сыртқы киімінің болумен қатар, оның етек-жеңі ұзын болатыны. Жоғарыда аталған суккубпен салыстырғанда қазақ фольклорында және әдебиетінде перизаттың сыртқы киім атрибуты өзгермеген.

«Біз пері деген халықпыз,
Періштеден төмендеу.
Адамнан артық үлесі.
Нағыз таза болады
Перизаттың кеудесі...
Пері халқы ұшады,
Өзгеріліп болымы.
Қолтығының тесігі
Ұшатын қанат орыны...
Басқасын көр, болмайды
Етегін пері көруге,
Солай қып Құдай жаратқан.
Қайымдап суда жүзуге...» (Бабалар сөзі (б), 2006, б. 82).

«Едіге батыр» жырындағы перизаттың осы сыртқы сипаты көптеген фольклорлық шығармаларда қайталанып отырады.

Ер жынысты пері қазақ фольклоры мен әдебиетінде перизатқа карағанда сирек қолданылады. Көбінесе, фольклорда перизаттың әкесі не ағасы ретінде келіп, перизатты қорғаушы қосалқы кейіпкер ретінде көрінеді. Мысалы, «Пырақ» ертегісінде «Түнде көзі ұйқыға ілініп кетсе, түсінде үш пері адам болып келіп: «Хан, басыңды көтер, қолыңды жай, Құдай сенің тілеуіңді береді, еліңе қайт, барғаннан кейін бір әйелің екіқабат болады!» – дейді де ғайып болады» (Бабалар сөзі (а), 2011, б. 102), – деп, тек аян беруші қызметінде ғана қолданылып тұр. Перілердің қазақ фольклорында әйел затын азғыру деген қызметі мүлде

Türkoloji

№ 4 (120), 2024

ГУЛЬМИРА САУЛЕМБЕК

кездеспейді. Пері көбіне елге зиян шектіруші дию, көзді ашып-жұмғанша әлемді шарлап, бір шаһарды әп сәтте көшіруші тылсым күшке ие кейіпкер бейнесінде беріледі. Ал еуропалық фольклорда перінің әйелді азғырушы функциясы бар. Олар инкубтар (3-сурет. *Қараңыз*) деп аталады.



3-сурет. Инкуб. (Суретші Винченц Георг Кинингердің «Ұйқыдығы графиня Маргарита Фландрская» деп аталатын Сальваторе Виганоның «Риккардо Куорди Леоне» балет-пантомимосына иллюстрациясы. 1879ж. Вена.<http://www.kulturpool.at/plugins/kulturpool/showitem.action?itemId=4295033341&kupoContext=default>)

Қазақ фольклорында перінің мұндай функциясының болмауы, қазақ танымындағы перінің қызы адамзатқа жар бола алады, ал адамзаттың әйел жыныстысы перімен қосыла алмайды деген түсінігіне байланысты болса керек. Ертегілерде перизаттың адам баласына жар болуы жиі кездесетін сюжет. Мысалы:

Қыз айтты: «Біз көшпелі пері боламыз, еліміздің гадеті адамзат тұрмайтұғын жерде тұрамыз. Әгар қапыда адамзат көрсе, соған қыз береді. Ол қыздың әкесі періге патса болады. Он сегіз мың ғаламда адамзаттан қасиетті нәрсе жоқ. Білмеймісің, Құдайдың досы пайғамбар бәрі адамзаттан емес пе?! Енді күн шыққаниша ұйықтамай жат. Ертең біздің ел бәрі келіп көріседі. Мұнан артық сый көресің. Әгар ұйықтап кетсең, менен айырыласың, бекер қаласың. Ешбір қауіп қылмай жатыңыз», – деді, – деген қиял-

ғажайып ертегідегі мотивтер халық түсінік-танымынан туындаған (Бабалар сөзі (а), 2011, б. 14).

Қазіргі мистикалық прозада да пері образы перизат образына қарағанда сирек ұшырасады. Әлемдік фольклорда да арғы әлем мен параллель әлемнің «тұрғындары», жаратылыс сырлары, ғаламның пайда болуы, жаратушы туралы сюжеттер сақталған. Бұл сюжеттерді тудырған сол замандағы адамның наным-сенімдері екені анық. Тылсым жаратылыс иелерімен байланыс туралы сенімге негізделетін мистика жанры осы тұста фольклормен шекараласады.

Бүкіл әлемдік көркемөнер түрлерінде құбылғандар, құбылған-қасқырлар, вампирлер, зомбилер мен тірілген өліктер, қансорғыштар мен жансорғыштар образы молынан ұшырасады. Осы кейіпкерлердің ішінде қазақ фольклорлық шығармаларынан белгілі вампир (4-сурет. Қараңыз) және құбылған (5-сурет. Қараңыз) образы көркем прозаға да енді.



4-сурет. Вампир. (Хаммер фильм ұсынған режиссер Фредди Френсисінің «Қайта тірілген Дракула» фильмінен 1968 ж. <https://www.film.ru/movies/drakula-vnov-vosstal-iz-mogily?ysclid=lcjq0vf5g915881377>)



5-сурет. Құбылған-қасқыр. (Янг Янгтің «The Secret World» жобасы үшін салынған «Құбылған-қасқыр» («The werewolf») туындысы. 2012 ж. <https://www.artstation.com/artwork/JPVPv>)

Бірақ бұл образдар қазақ мистикалық прозасында (М.Мағауин «Қуыршақ», Қ.Мұбарак «Құбыжық») өте сирек кездеседі. Қазақ мистикалық прозасында кәдімгі адамжегіштік қасиетпен қоса, адамның жан қуатымен қоректену сынды вампиризм түрлері туралы да жазылған. Сондықтан болар, вампиризм тақырыбы қазақ әдебиетінен гөрі фольклорда көбірек зерттелген. Фольклордағы дәулер мен жезтырнақтардың, жалмауыз бен мыстан кемпір образдарының өзге де қасиеттеріне қоса адамжегіштік, қансорғыштық қасиеттері туралы Ш.Уәлихановтың фольклор туралы зерттеулерінен (Уәлиханов, 1985, б. 82), М.Әуезовтің «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» (Әуезов, 2004, б. 173), С.Қасқабасовтың «Қазақская волшебная сказка» (Қасқабасов, 2014, б. 49-50), Р.Алмұханованың «Жалмауыз-кемпир и античные образы» (Алмұханова, 2009, б. 108), П.Ауесбаеваның «Значение основного мотива сюжета сказки» (Ауесбаева, 2009, б. 61-64) еңбектерінен кездестіруге болады. Бұл еңбектерде жалпы осы образдардың фольклорлық шығармада пайда болу себептері мен функциясы айтылады. Зерттеулердің мазмұны вампиризм тақырыбының әдебиетте бірден пайда болмағанын дәлелдей түседі. Жоғарыда көрсетілген зерттеулер фольклордан бастау алатын мистика жанрындағы вампирлік парадигманың даму эволюциясын саралауда көмегін тигізді.

Еуропадағы вампиризм тақырыбы нақты фактілермен тіркелген оқиғалар соңынан туындаған аңыздардан кейін пайда болды. Әрі саяси-әлеуметтік өзгерістерге үн қату мақсатында зиялы қауым көркем шығармалар арқылы астарлы ой айту үшін вампир образының прозаға енуіне түрткі болды. Прозадағы вампиризм тақырыбы XVIII ғасырдан бастау алып, бүгінгі күнгі даму сатысына түрлі өзгерістерге ұшырап жетті. Бұл тақырыптағы алғашқы әдеби шығармалардың жанрлық тұрғыдан жұмбақ мистикалық сарындағы сипаты басым және ондағы кейіпкер-вампиірлер типологиялық тұрғыдан тылсым қабілеттерге ие болды. Ал XX ғасырда вампиризм табиғатына ғылыми түсініктеме беруге тырысқан ғылыми-фантастикалық шығармалар легі пайда болды. Жалпы әдебиетке вампиризм тақырыбын алғашқылардың бірі болып И.В. Гете «Коринф қалыңдығы» (1797) балладасы арқылы әкелген. Одан кейінгі шығармалар тізбегін Дж.Полидоридің Дж.Байрон әңгімелерінің желісімен жазылған «Вампир» повесі (1819), А.К. Толстойдың «Упырь», «Семья Вурдалаков» әңгімелері, Б.Стокердің «Дракула» (1897) романы жалғастырады.

Вампиризм туралы шығармалардың ішіндегі ең әйгілісі – Брэм Стокердің «Дракула» романы. Романтикалық желімен жазылған көлемді романында Б.Стокер жалпы вампир образының басты ерекшеліктерін орнықтырды. Дж.Полидорий «Вампир» повесінде адам қанымен қоректенуінен өзге өзіндік сипаты басым, өз табиғатын ешбір қиындықсыз жасыра алатын, қоғаммен үйлесім тапқан вампир образын жасап шықса, Б.Стокер вампир образына өлілердің жанын басқара алу, ауа райын басқара алу (тұман мен жай түсіру), жан-жануарларға айнала алу, тұманға айналып жабық кеңістікке ену қасиеттерін орнықтырды. Оның осындай дүлей табиғатына қоса, сарымсақтан, ағын судан қорқу, айнадағы бейнесінің болмауы, рұқсатсыз кеңістікке кіре алмауы, айқышқа шегеленуден немесе қатысудан бас тарту сынды әлсіз жақтарын да сипаттап берді. Тағы бір ерекшелігі вампирге тынығу уақытында өз туған жерінің топырағы қажет деген ерекшелікті де осы шығармада орнықтырды. Вампир образы өліп қайта тірілу үдерісін бастан кешірсе, кейде қасқыр т.б. сынды жануарлардың талауынан кейін қансорғышқа айналған. Вампиризм тақырыбы аясындағы жоғарыда аталған әйгілі шығармалар вампир образының типологиясын қалыптастыруға үлкен үлес қосты. Осы авторлар қалыптастырған образды негізге алып көптеген шығармалар жазылды. Дегенмен әрбір уақыт тудырған тенденцияларға сәйкес вампир образы да өзгерістерге ұшырап отырды. XX ғасырдың екінші жартысында Батыс Еуропа мен АҚШ-та қалыптасқан әлеуметтік ғылымдар саласындағы анархиялық сипат, толеранттылық мәселелері

де әдебиеттегі вампиризм тақырыбын айналып өтпеді. Уақыт пен кеңістіктің өзгеруі вампирлік парадигманың дамуында ерекше із қалдырды.

Вампир образының әдебиетте әлеуметтік сипат алуына Энн Райстың (1976) «Вампир хроникалары», «Вампирмен сұқбат» шығармаларында вампирлер құбыжықтық сипатынан арылып, көпшілікке ұқсай бермейтін, сонысынан да жапа шегетін адам бейнесінде сипатталды.

Көркем шығармалардан кейін вампиризм тақырыбы кино саласында сәнге айналды. Шығарманың өзегі бір болғанымен бірін-бірі қайталаудан қашқақтаған шығармалардағы вампир образы бастапқы қалыбынан түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Бастапқыдағы мифологиялық тамырларынан ажыратылып, таза ғылыми дәйектерге сүйенетін шығармалар да пайда болды. Тіпті вампирлерге деген жағымсыз көзқарасты ерекше табиғи құбылысқа ие жандар ретінде аяушылыққа ұластыруға тырысқан шығармалар да кездеседі.

Осы әлеуметтенуге қарсы тағы бір вампирлік парадигма пайда болды. Мұнда адамдармен қатар өмір сүретін вампирлер қауымын және олардың бір-бірімен жауығуын көрсететін шығармалар, фильмдер легі пайда болды. Бір-бірінің орнын алмастырып отырған парадигмалар ішінде әуел бастан еркек жынысты вампирлердің орнын әйел жынысты вампирлер баса бастады. Түркілік мифологиядағы жалмауыз кемпір, сонымен қатар шығыс және батыс еуропалық шығармаларда ішінара кездесетін әйел вампирлер образынан кейінгі мәдени образ ретінде орныққан әйел текті вампирлер ашық сексуалдылық сипатымен ерекшеленді. И.В. Гетенің «Коринф қалыңдығы», Теофил Готьенің «Өлі сұлудың махаббаты» (1836), Эдгар Алан Поның «Вереника» (1835), «Морелла» (1835), «Лигейя» (1838), «Элеонора» (1841), Джозеф Шеридан Ле Фанюдің «Кармила» (1871-1872) шығармаларында кейде тұмшаланып, кейде ашық берілетін эротикалық бастаулар вампиризм парадигмасының тағы бір қыры саналады. Бұл қатарға біз М.Мағауиннің «Қуыршақ» әңгімесін де жатқыза аламыз. Қазақ прозасында вампиризм тақырыбына қалам тартқан жазушы М.Мағауиннің «Қуыршақ» атты көлемді әңгімесіне де әйел вампирдің жан қуатын сексуалдық жақындықтан толықтырып отыратыны желі етіп алынған. М.Мағауин шығармасындағы вампир образы да адамдар арасында өмір сүретін ерекше жаратылыс иесі ретінде көрініс тапқан. Жазушы қалыптасқан вампир образының типологиялық белгілерінің барлығын қолданбайды, ол әдепкі таптаурындардан бас тартып

вампиризмнің жаңа сипатын ашуға тырысады. Шығарма кейіпкері әдеттегідей қанмен емес, адам қуатымен қоректенеді. Мұндағы жансорғыш кейіпкер физиологиялық ауытқушылығы бар кәдімгі қатардағы адам. Ауық-ауық адам қуатына мұқтаж болатын кейіпкердің қараңғылықты ұнататын тұсы өзінен бұрынғы вампирлік прозадан ауысқан элемент. Автор вампиризмге ғылыми сипат бергісі келген, дегенмен мистикалық сарыннан бас тартпаған. Әңгіме ғылыми фантастика мен мистика жанрларының тоғысында пайда болған. Автор ғылыми фантастика жанрының табиғатына сәйкес шығармадағы Қуыршақ қыздың бойындағы тылсым құбылысқа кейіпкері арқылы ғылыми тұрғыдан түсінік бергенді жөн көреді. Дегенмен әңгімедегі мистикалық сарын басым түсіп ежелгі фольклорға, оккульттік нанымдарға бастайды.

Жаны жай таппаған елес (6-сурет. Қараңыз) әлемдік әдебиетте жоғарыда аталған вампиризмге себепші ретінде берілсе, кейде сюжетке азапты өліммен не кісі қолынан өлген жандардың елесінің зұлымдығы негіз болып жатады.



6-сурет. Елес. (Сурет интернет желісінен алынды.

<https://dzen.ru/media/sunlife/prizrak-devushki-v-gostinice-misticheskie-istorii-605ba9772745231fa647035d>)

Дәл осындай сюжеттер С.Досжанның «Үлкен үйдегі үрей», Қ.Қиықбайдың «Түнектегі бейне» шығармаларында орын алған. Ж.Аймауытовтың «Елес» шығармасында тылсым сыры егжей-тегжейлі түсіндірілмей, сол күйінде жұмбақ болып қалғанымен сананың екіге жарылысы, кейіпкердің психологиялық жай-күйінен хабар беретіндей. С.Досжанның «Ауылдан шыққан миллионер» романында елеске қатысты бөлім тек шығармаға қызығушылықты арттыру мақсатында қолданылған тәсіл ретінде кірістірілген.

Сиқырды теріс пайдаланатын тылсым қабілеттерге, сиқырға ие кейіпкерлер – сиқыршылар, бақсылар, сәуегейлер, емші, мыстандар қазақ мистикалық прозасында жиі кездеседі. Бірақ бұл кейіпкерлер фольклорда басты образдар ретінде кезіккенімен, қазақ прозалық шығармаларында қосалқы образдар ретінде қолданылады.

Пұттар, нимфалар, табиғаттағы рухтар (элементалдар) және басқа да зұлым рухтар, үй иесі (домовой) секілді тылсым рух, полтергейст әлемдік әдебиетке тән кейіпкерлер қазақ фольклорында кездесіп отырғанымен, қазақ прозасында сирек кездеседі.

Қорытынды

Бұл зерттеу мистикалық әдебиет жанрының дамуы мен оның әртүрлі мәдениеттердегі кейіпкерлер жүйесі туралы терең мағлұмат береді. Мистикалық әдебиет жанры, өзінің түпкі бастауларын фольклор мен мистицизмнен алатын жанр ретінде әлемдік әдебиетте ерекше орын алады. Оның ішінде кейіпкерлер мен мекеншак ұғымдары, сондай-ақ тылсым жаратылыстар, әр халықтың діни сенімдері мен дүниетанымдық өзгерістеріне қарай ерекшеленіп отырады.

Әсіресе, тылсым жаратылыстардың түрлері мен сипаттамалары әртүрлі мәдениеттерде бір-біріне ұқсастығымен қатар, кейде айтарлықтай өзгешеліктерге ие. Осыған байланысты мынадай тұжырымдар ұсынамыз:

1. Қазақ фольклорындағы жезтырнақ, жын-шайтандар, әруақтардың елесі сияқты мистикалық кейіпкерлер еуропалық әдебиеттегі вампирлер мен құбылғандар сияқты образдармен салыстырғанда, бірегей сипаттамалар мен қызметтерге ие.

2. Қазақ фольклорындағы перизаттардың адамзатқа жар болуы мүмкіндігі және олардың сыртқы киімдерінің ұзын етек-жеңді болуы сияқты ерекшеліктері еуропалық суккубтардан айтарлықтай ерекшеленеді.

3. Әлемдік әдебиеттегі вампиризм тақырыбына тоқталғанда, оның тарихи және мәдени даму жолдарын, сондай-ақ И.В. Гетеден бастап бүгінгі күнге дейінгі көркем шығармалардағы көріністерін зерттей отырып, бұл тақырыптың қазақ әдеби шығармаларында аз кездеседі деп тұжырымдаймыз.

4. Мекеншак, яғни кеңістік пен уақыттың үйлесімі әдебиеттегі мистикалық кейіпкерлердің қалыптасуына едәуір әсер етеді. Нақты климаттық, географиялық және тарихи жағдайлар қоғамның мәдени, әлеуметтік және психологиялық аспектілерін көрсете отырып, осы кейіпкерлердің ерекше белгілері мен сипаттарын, қызметтері мен ролдерін қалыптастырады. Бұл әсерді түсіну мистикалық әдебиеттің байлығы мен әралуандығын және оның адам тәжірибесін әртүрлі контексте көрсету қабілетін тереңірек бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеуде келтірілген әртүрлі кейіпкерлер мен олардың қызметтері, сондай-ақ мистикалық әдебиеттің эволюциясы туралы тұжырымдар жалпы мистикалық әдебиеттің жанрлық ерекшеліктерін түсінуге үлкен үлес қосады. Әр мәдениеттің өзіндік дүниетанымы мен наным-сенімдеріне негізделген бұл жанрдағы ерекшеліктер зерттеуді одан әрі тереңдетуге дереккөз бола алады.

Әдебиеттер

Альмуханова, Р. (2009). *Қазақ фольклорындағы антикалық сарындар*. Алматы: Арыс

Ауесбаева, П. (2009). Ертегі сюжетіндегі негізгі мотив мәні, *Ақиқат*. № 9, 61-64 б..

Әсемқұлов, Т. (2016). *Шығармалары*. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, Т.2: Проза, Киноромандар.

Әуезов, М. (2004). “Эпос и фольклор казахского народа”, Кітапта. *Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы*. 14-т. – Алматы: Жібек жолы.

Бабалар сөзі: Жүзтомдық (2011). Астана: Фолиант, Т. 74: Қиял-ғажайып ертегілер.

Бабалар сөзі: Жүзтомдық (2006). Астана: Фолиант, Т. 39: Батырлар жыры.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі (2014). Энциклопедия, 5-том. (Құраст. Н. Әлімбаев). Алматы

Қасқабасов, С. (2014). *Таңдамалы*. Астана: Фолиант.

Мүбарак, Қ. (2012). *Жат құшақ*. Алматы: Атажұрт.

Уалиханов, Ш. (1985). *Тәңірі: Таңдамалы*, Алматы: Полиграфкомбинат.

Аннотация: Система персонажей в жанре мистики является ключевым элементом, определяющим глубину и воздействие повествования, что свидетельствует о своеобразии жанра. Через персонажей раскрываются основные темы, мотивы и символы, характерные для мистического повествования. Цель исследования – проанализировать роль персонажей в мистической литературе, их функции и эволюцию в рамках жанра. В исследовании рассматриваются этапы развития типологии персонажей мистического жанра в контексте их взаимодействия с фольклором и другими литературными жанрами, а также с учетом аспектов, таких как пространство, верования, мировоззрение и различные культуры. Кроме того, систематизированы архетипические образы в мистической литературе и проанализированы их изменения в современных текстах. Рассмотрены особенности взаимодействия персонажей и сюжетных структур, способствующие формированию жанровых особенностей. Исследование основано на классических литературоведческих методах, а также на методах сравнительно-типологического, культурно-исторического и семиотического анализа. В результате исследования выявлены типологические особенности основных типов персонажей мистического жанра, таких как «призрак», «пери», «перизат», «албасты», «марту», «оборотень», «вампир», которые рассматриваются не только в сюжетном, но и в культурно-историческом контексте. Данное исследование способствует глубокому пониманию типологии мистики через дифференциацию системы персонажей и всестороннее изучение теории жанра. Научная значимость исследования заключается в глубоком понимании механизмов формирования жанровых структур в литературе, особенно в жанре мистики. Практическое значение работы заключается в возможности использования ее выводов при создании новых литературных произведений в жанре мистики, а также в преподавании курсов по литературоведению.

Ключевые слова: мистика, фольклор, мифологические персонажи, мистические персонажи.

(Гульмира САУЛЕМБЕК СИСТЕМА ПЕРСОНАЖЕЙ В ЖАНРЕ МИСТИКИ)

Öz: Mistik türdeki karakter sistemi, anlatının derinliğini ve etkisini belirleyen, türün özgünlüğünü ortaya koyan temel bir unsurdur. Karakterler aracılığıyla mistik anlatıya özgü ana temalar, motifler ve semboller açığa çıkar. Bu araştırmanın amacı, mistik edebiyatta karakterlerin rolünü, işlevlerini ve tür içerisindeki gelişimlerini analiz etmektir. Araştırmada, mistik türdeki karakter tipolojisinin gelişim

aşamaları, folklor ve diğer edebi türlerle etkileşim bağlamında ve mekân, inançlar, dünya görüşü ve çeşitli kültürler gibi unsurlar göz önünde bulundurularak ele alınmaktadır. Ayrıca, mistik edebiyattaki arketipsel imgeler sistematik hale getirilmiş ve modern metinlerdeki değişimleri analiz edilmiştir. Karakterlerin ve olay örgüsü yapılarının etkileşimi, tür özelliklerinin oluşumuna katkı sağlayan yönleriyle incelenmiştir. Araştırma, klasik edebiyat yöntemlerine ve karşılaştırmalı-tipolojik, kültürel-tarihsel ve göstergebilimsel analiz yöntemlerine dayanmaktadır. Araştırma sonucunda, “hayalet”, “peri”, “perizat”, “albastı”, “martu”, “kurt adam” ve “vampire” gibi mistik türdeki ana karakter tiplerinin tipolojik özellikleri, sadece olay örgüsü bağlamında değil, aynı zamanda kültürel ve tarihsel bağlamda da incelenmiştir. Bu araştırma, karakter sistemlerinin farklılaştırılması ve tür teorisinin kapsamlı bir şekilde incelenmesi yoluyla mistik türün tipolojisinin derinlemesine anlaşılmasına katkıda bulunmaktadır. Araştırmanın bilimsel önemi, edebiyatta, özellikle mistik türde, tür yapılarının oluşum mekanizmalarının derinlemesine anlaşılmasında yatmaktadır. Çalışmanın pratik önemi, sonuçlarının mistik türde yeni edebi eserlerin oluşturulmasında ve edebiyat derslerinin öğretilmesinde kullanılabilmesidir.

Anahtar kelimeler: Mistisizm, Folklor, Mitolojik karakterler, Mistik karakterler

(Gülmira SAULEMBEK MISTİK TÜRÜNDEKİ KARAKTER SİSTEMİ)

Yazar Katkı Oranı (Author Contributions): Гүлмира САУЛЕМБЕК (%100)

Yazarların Etik Sorumlulukları (Ethical Responsibilities of Authors): Bu çalışma bilimsel araştırma ve yayın etiği kurallarına uygun olarak hazırlanmıştır.

Çıkar Çatışması (Conflicts of Interest): Çalışmadan kaynaklı çıkar çatışması bulunmamaktadır.

İntihal Denetimi (Plagiarism Checking): Bu çalışma intihal tarama programı kullanılarak intihal taramasından geçirilmiştir.
